

**Қаратөбе аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 19-13 " Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 тамыздағы № 13-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 тамызда № 4883 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 41-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 10.04.2020 № 41-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қаратөбе аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 19-13 "Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3416 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 4 ақпанда жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қаратөбе ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасында:

9-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес, санаторлық-курорттық емделуге жолданған мүгедектерге және мүгедек балаларға жол жүру құжаттарын (

билеттер) ұсынған кезде, шығу пунктiнен межелi орынға дейiн және қайтуға дейiн плацкарттық вагон орны бағасы мөлшерiнде төлем жүргiзiледi.".

2. Қаратөбе аудандық мәслихатының аппарат басшысы Ж.Жангазиев осы шешiмнiң әдiлет органдарында мемлекеттiк тiркелуiн, Қазақстан Республикасы нормативтiк құқықтық актiлерiнiң Эталондық бақылау банкiнде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсiн.

3. Осы шешiм 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгiзiледi.

*Сессия төрайымы*  
*Мәслихат хатшысы*

*И.Классен*  
*Қ.Сүйеуғалиев*

" К Е Л І С І Л Д І "

Б а т ы с  
ә к і м і н і ң  
М .

Қ а з а қ с т а н

о б л ы с ы  
о р ы н б а с а р ы

Т о қ ж а н о в \_\_\_\_\_

2017 жылғы 9 тамыз